

**Басқұдық жалпы орта білім беретін мектебінің  
әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылында  
атқарылған жұмыс есебі.**

Маусым айында 2023-2024 жылға арналған жұмыс жоспарын дайындап, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жасалды.

2023 жылдың 1 қыркүйегінен 5-11 сынып аралығында көпбалалы және аз қамтылған отбасындағы 15 оқушы ыстық тамақпен қамтылған қамтамасыз етілді. Ыстық тамақ ішетін оқушылар тізімі жасалып мектеп директорына бекітілді. Әр айдың соңғы күнінде ыстық тамақ ішетін оқушылар есебін ИП «Кеншінбаева» өткізілді. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін мектеп медбикесі А.Н. Манапова және әлеуметтік педагог Е. Әзбергенов бақылап отырады. Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізімі жасалды. Көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен, жартылай жетім және қамқорлыққа алынған балалар әлеуметтік төлқұжат жасалды.

Қараша айының I аптасында «зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбына байланысты әр бағытта дөңгелек үстел өткізілді.

Қараша айының III аптасында мектеп медбикесімен бірігіп СПИД күніне байланысты іс-шаралар ұйымдастыру «СПИД-ғасыр дерті» тақырыбында оқушыларға түсіндірме жұмыс жүргізілді.

Желтоқсан айында жаңа жылдық шыршаға байланысты көпбалалы отбасынан шыққан 2 оқушыға ауылдық депутат Естай Жанболаттың демеушілігімен 2 оқушыға жаңа жылдық сыйлық және сырғанайтын 2 тубинг берілді.


Ақпан айының I аптасында 8-9 сынып оқушылармен бірге «Жасөспірімдер арасында қылмысты болдырмау» мақсатында кездесу өткізілді.


Наурыз айында «Аналарды ардақтайық» тақырыбында мектеп оқушыларымен бірге мерекелік іс-шаралар өткізілді.

Мамыр айында Жазғы демалыс лагерін ұйымдастыру және ата-аналармен жиналыс өткізілді.

Маусым айында оқу озаты Айбек Жасұланұлы, Нұрислам Киікбай «Шұғыла» сауықтыру лагерінде демалып келді.

Мектеп жанынан ашылған «Шұғыла» сауықтыру лагерінде көпбалалы отбасынан ,аз қамтылған отбасыдан шыққан оқушылар қатысты. «Шұғыла» жазғы сауықтыру лагерінде 2 тәрбиеші,1 спорт нұсқаушысы және музыка жетекшісі балалармен жұмыс жасады.Жоспар мектеп басшысына уақытылы бекітіліп,әр күн сайын жоспардағы іс-шаралар тізбегі қызықты әрі уақытылы өткізіліп отырды.

Мектеп директоры:  С.А.Искакова

Әлеуметтік педагог:  Е.С.Әзбергенов